1.4 Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарды сақтамаудың зардаптары

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды сақтамау, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдықта қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттерінің жойылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мысалы, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан қызметкерлер өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды атқару кезінде, монтаждау және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықта пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдықты пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектерді бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіпті туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және монтаждау жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектерден қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықтың пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайға ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген рұқсат етілгеншекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ- «С» тобына сәйкес келуі керек.

Оралған жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ-ның «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақтау және тасымалдау температурасы: м.т. -30 °С: м.ж. +60 °С.

Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келу себебі болуы мүмкін.



Ескертпе
Ыстық беттермен түйісулер күйлер мен ауыр дене жарақаттарына алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.


Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы нұсқаулық CR сорғыларының негізіндегі Hydro Solo-S қысым арттыратын қондырғыларына таратылады. Модельді қатары келесі сипаттамалармен шектеледі.

Жұмыс диапазоны



TM02 4127 4901

1-сур. Жұмыс диапазоны

Гидрожүйедегі қысым

CR 1-4, 1-7, 1-10	Макс. 6 бар
CR 1-13, 1-17	Макс. 10 бар
CR 3-4, 3-7, 3-10	Макс. 6 бар
CR 3-12, 3-15	Макс. 10 бар
CR 5-3, 5-5, 5-8	Макс. 6 бар
CR 5-10, 5-15	Макс. 10 бар


Беру, Q 1-8 м³/ч

Қысым арттыру қондырғысының құрылымы

Hydro Solo-S қондырғысы CR сериялы тік көп сатылы сорғыларды және бірыңғай рамада монтаждалған қысымды мембраналық бакты қарастырады. Қондырғының жұмысын қамтамасыз ету үшін рамада және де келесілер орнатылған:

- жұмыс режимін баптау үшін қысым релесі;
- манометр;
- қысымды құбыр желісі (кері клапансыз);
- ысырма.

Hydro Solo-S қондырғысының құрылымы 2-сур. көрсетілген.




TM02 2587 2702

2-сур. Hydro Solo-S қондырғысының құрылымы

Айқ.	Атауы
1	Сорғы
2	Мембраналық қысымды гидробак
3	Қысым релесі
4	Манометр
5	Жезден жасалған қысымды құбыр желісі
6	Ысырма

Бақтың сырты көміртекті болаттан, мембранасы бутилден немесе EPDM резеңкесінен жасалған.

Hydro Solo-S фирмалық тақтасасы




TM06 1418 2414

3-сур. Фирмалық тақташа


Айқ.	Сипаттама
1	Типтік белгілері
2	Моделдің шартты белгіленуі (мысалы, A96645271 – өнімнің сегіз таңбалы нөмірі, P2 – Ресей Грундфос зауытының белгісі, 14 – дайындау жылы, 18-дайындау аптасы)
3	Сериялық нөмірі
4	Қорек кернеуі, В, және ток жиілігі, Гц
5	Мейлінше жоғары жұмыс қысымы, бар
6	Айдап қотару орта температурасы, °С
7	Мейлінше жоғары шығын, м³/сағ
8	Мейлінше төмен тегеурін, м
9	Сорғылар саны, дана
10	Сорғылар қуаты, кВт
11	Желілік кернеуі, В
12	Тапсырыстың нөмірі
13	Опциялар құрылымы
14	Қорғаныш дәрежесі
15	Жалпы салмағы
16	Нарықтағы айналым белгілері
17	Дайындаушы ел
18	Техникалық талаптар белгілері
19	Компания логотипі

Hydro Solo-S типтік белгіленуі

Бір фазалы электрқозғалтқышы бар сорғылар:



Үш фазалы электрқозғалтқышы бар сорғылар:



Мембраналық қысым бағының типтік белгілері мен зауыттық нөмірі оның фирмалық тақтасасында көрсетілген.

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық Сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.


Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.




Жабдықты қорек кабелінен ұстап көтеруге тиым салынады.

6. Қолданылу аясы

Hydro Solo-S қондырғысы суды айдау үшін және үлкен емес көп пәтерлі үйлерде, коттедждерде, қонақ үйлерде және т.б. – суды көп тұтанбайтын жерлерде қысымды арттыру үшін қарастырылған.

7. Қолданылу қағидаты

Hydro Solo S қондырғысы қысым релесінің көмегімен іске қосылады және өшіріледі. Суды беру біріншіден мембраналық қысым бағынан жүзеге асады, 4-сур.



4-сур. Мембраналық қысым бағы

Қондырғы сорғысы қысым алдын ала белгіленген «қосу қысымы» мәніне түскенде іске қосылады.

Қажетті шығын төмендегенде, қондырғы шығысындағы қысым көтеріледі, ал «қосу қысымы» белгіленген мәніне жеткенде қысым релесі сорғыны істен шығарады.

8. Құрастыру

8.1 Пайдалану орнында құрастыру


Қысым арттыру қондырғысын іске қосу және құрастыру жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.

Қысым арттыру қондырғысы жақсы желдетілген бөлмеде орнатылуы керек. Бұл сорғы электрқозғалтқышының жеткілікті салқындатылуы үшін қарастырылған.

8.2 Құбыр желісіне қосылу

Сорғыдағы нұсқарлар сорғы арқылы сұйықтық жылыстауының бағытын көрсетеді.

Қосылған құбыр желісінің параметрлері дұрыс таңдалып алынған деген болжам бар.



Қысым арттыру қондырғысы кері клапансыз жеткізіледі.

Кері не қабылдағыш клапан сорғыш желісінде орнатылуы тиіс.

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.



Ескертпе

Сорғы электрқозғалтқышының клеммалық қорапшасында немесе қысым релесінде жұмыс жасамас бұрын барлық фазаларды/ полюстерді қуат көзі тоғынан ажырату керек.


Электрқозғалтқыштың фирмалық тақташасындағы электрикалық сипаттамалар электр желісінің параметрлеріне толығымен сәйкес болуы керек.

9.1 Электр қозғалтқышын қорғау

Бір фазалы электрқозғалтқыштары кіріктірілген жылулық релесімен жабдықталған және қосымша ешқандай қорғаныс қажет етпейді.

Үш фазалы электрқозғалтқыштар электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматына Тұтынушылардың Электрқондырғыларды Техникалық Пайдалану Ережелеріне сәйкес қосылуы керек.

Электрқозғалтқышты қысқамерзімді және шамадан тыс жұмыс істеуінен қорғау үшін ол сыртқы моторлы автоматқа қосылу керек, мысалы, GV2-ME. 5-сур. қар.



TM02 2640 0103

5-сур. Сыртқы термоманитты реле

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Қондырғы іске қосуға дайын күйінде жеткізіледі.

Қондырғыны пайдалануға беру келесі жолдармен жүзеге асады:

1. Тапсырыс көлеміне және жеке тораптар мен бөлшектерінің зақымдануының болмауына сәйкес тексеру.
2. Су беру желісін іске қосу. Электр желісіне қосылу. Кері клапанды сорғының алдындағы сорғыш желіге орнату. сымдардың/кабельдердің/құбырлардың көлденең қимасын жобалар ерекшеліктері құжаттамасына сәйкестігіне тексеру керек. Барлық сорғылардың орнату автоматтарын өшіру.
3. Сорғыны құюды жасаңыз (10.1. Гидрожүйені құю қар.).


- Орнату автоматтарын іске қосып, электрқозғалтқыш білігінің айналу бағытын тексеріңіз. Сорғының дұрыс айналу бағыты-төбеден қарағанда сағат тіліне қарсы. Егер айналу бағыты дұрыс болмаса, қорек көрнеуінің берілуін тоқтатыңыз және электр желісінің екі фазалы сымдарының қосылу орындарын ауыстырыңыз.
- Сорғыны қолмен жұмыс жасау режимінде іске қосыңыз. Сорғы ішінен ауаны шығарып, сорғылардың қысымды желісіндегі ысырмасын ақырын жабыңыз. Осылайша қондырғыдағы ауа шығарылды.
- Қолмен жұмыс жасау режимінде сорғыны қосылуын/өшірілуін тексеріңіз.

10.1 Гидрожүйені құю

Пайдалануға беру алдында гидрожүйе сумен толтырылуы керек.

Тұйықталған гидрожүйелерде немесе сорғының сорғыш келте құбырының деңгейінен су деңгейі жоғарырақ болған ашық гидрожүйелерде:

- Ауа айдалатын жағындағы ысырманы жабу керек.
- Сорғының жоғарғы бетіндегі құю көмейіндегі бұрандалы тығынды (айқ. 1) бұрап шығару керек. 6-сур. қар.
- Құю көмейінен су түзу аққанша гидрожүйедегі сорғыш сызығындағы ысырманы ақырын ашу керек.
- Құю көмейіндегі бұрандалы тығынды орнатып, мықты бекіту керек.
- Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашу керек.



TM02 6431 0603

6-сур. Сорғының құю саңылауы

Айқ.	Атауы
1	Құю көмейінің тығыны
2	Ағызатын саңылаудың тығыны
3	Айналма клапаны

Сорғының сорғыш келте құбырының деңгейінен сұйықтық деңгейі төменірек болған ашық гидрожүйелерде:

- Ауа айдалатын жағындағы ысырманы жабу керек.
- Айналма клапанының (3 айқ.) кішкентай бұрандасын босатып, оны тоқтатқыш құрылғыдан тіреуге дейін шығару керек. 6-сур. қар.
- Сорғының жоғарғы бетіндегі құю көмейіндегі бұрандалы тығынды (айқ. 1) бұрап шығару керек.
- Құю саңылауы арқылы (қажет болса құйғышты қолданыңыз) сорғыш сызығын да сорғыны да толтыратындай мөлшерде сұйықтық құйыңыз.

Назар аударыңыз

Сорғыш желісіне кіретін жерде кері клапан орнату керек.

- Қайтадан айналма клапанының бұрандасын тарту керек.
- Құю көмейіндегі бұрандалы тығынды орнатып, мықты бекіту керек.
- Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашу керек.

Назар аударыңыз

Пайдаланып болғаннан кейін сорғының қосылып кетуін болдырмау шараларын қарастырыңыз.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

Барлық қысым реттеулері келесі тарауларды сипатталған.

7 суретте гидрожүйедегі қысым/ажырату қысымы, қысымның түсіп кетуі, іске қосу қысымы және мембраналық қысым гидробактардың арасындағы байланыс көрсетілген.



TM02 6437 0603

7-сур. Қондырғыдағы қысымдардың өзара байланысы

11.1 Тіреуіш

Мембраналық қысым гидробағындағы тіреуіш өндіруші-зауытта іске қосу қысымынан 0,9-ға (11.2 *Іске қосу қысымы* қар.) немесе 2 барға тепе-тең болып орнатылған.

Егер басқа мән белгіленбесе, зауыттық іске қосу қысым қондырғысы сорғының мейлінше жоғары қысымынан 0,5-ке тепе-тең.

Пайдаланудың қолайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін, іске қосу қысымының мәні өзгерген жағдайда мембраналық қысым бағындағы тіреуіштің де мәні өзгеруі керек.

Тіреуіш келесі жолмен анықталады:

Тіреуіш = 0,9 × іске қосу қысымы.

Тіреуішті анықтау тек қана гидрожүйедегі қысымның нәлдік мәнінде ғана іске асады.


Мембраналық қысым бағы азотпен не тығыздалған ауамен толтырылады.

Мембраналық қысым гидробағындағы тіреуішті тексеру:

Пайдаланудың қолайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін және қайта қысқа мерзімді іске қосылу кезеңдерінің мейлінше көп шекті санынан артпау үшін мембраналық қысым бағындағы тіреуішті мезгілді тексеру ұсынылады (кем дегенде жылына бір рет).

11.2 Іске қосу қысымы

Іске қосу қысымы қысым релесінде орналасқан ажырату қысымы не қысым түсіп кетуін таңдауға арналған екі реттеу бұранданың көмегімен орнатылады.



TM02 6460 0803

8-сур. Қысым релесінің реттеу бұрандалары

Айқ.	Атауы
1	Ажырату қысымын реттеу бұрандасы
2	Қысым түсіп кетуін реттеу бұрандасы

Ажырату қысымы: сорғыны істен шығарады.
 Қысым түсіп кетуі: қысым төмендегенде сорғы қайта іске қосылады.


Іске қосу қысымын ажырату қысымы мен қысым түсіп кетуінің айырмасы ретінде қарастыруға болады.

Мысал:

Ажырату қысымы	5 бар
Қысым түсіп кетуі	1,5 бар
Іске қосу қысымы	3,5 бар

11.3 Ажырату қысымы

9 суретте ажырату қысымын реттеу кестесі көрсетілген.



TM02 6327 0203

9-сур. Ажырату қысымын реттеу кестесі.

A = ажырату қысымын реттеу бұрандасының толық айналымдар саны (1 айқ.), 8-сур.

11.4 Қысым түсіп кетуі

Реттеу тәртібі (10 немесе 11-сур. қар.):

1. Сол біліктегі ажырату қысымы мен оң біліктегі қысымның түсіп кетуін белгілеңіз.
2. Екі белгіленген нүктені түзумен жалғаңыз.
3. Сызықты қиып өткен нүкте арқылы айналым санын анықтаңыз, қысымның түсіп кетуін реттеу үшін қанша рет бұранданы айналдыру қажет (2 айқ.), 8-сур.


Мысал:

Мысал (Ex) 10-сур. көрсетеді:

Ажырату қысымы = 5 бар.


Қысым түсіп кетуі = 1,5 бар.

Реттеу бұрандасының айналу саны мәнінің сызығы (0 ден 9 дейін) 4,5 нүктесінде қиылысады, атап айтқанда қысым түсіп кетуін реттеу бұрандасын 4 толық айналымға бұра қажет және тағы жарты айналымға.



TM02 6461 0803

10-сур. 2 ден 6 бар дейінгі диапазондағы қысым түсіп кетуін реттеуге арналған номограмма



TM02 6462 0803

11-сур. 4 тен 12 бар дейінгі диапазондағы қысым түсіп кетуін реттеуге арналған номограмма

Орнатылған қысым түсіп кету мәні ажырату қысымы мәнінен жоғары болған жағдайда қондырғы қосылмайды: қысым түсіп кету мәнін төменірек белгілеу керек (қысым түсіп кетуін реттеу бұрандасын сағат тілі бағытымен айналдыра отырып).

Нұсқау

12. Техникалық қызмет көрсету

Қондырғының техникалық қызмет көрсетуі электрикалық кабельдің және электрикалық негіздің бүтіндігін үш айда бір рет тексеруін қарастыру қажет. Сонымен қатар сорғының/ сорғылардың кіріс және шығыс келте құбырларының жалғануының тұтастығын, гидравликалық бактың жалғануының тұтастығын, алдын-ала гидроаккумулятор қысымын жоғарыда айтылған жиілікте тексеріп тұру қажет.

13. Істен шығару

Hydro Solo-S қондырғысын істен шығару негізгі ажыратқышты ток көзінен айыру арқылы іске асады. Қуат көзінен айырғаннан кейін жүйедегі сұйықтық ағынын орнатылымға дейін және орнатылымнан кейін, әрі қарай гидрожүйедегі сұйықтықты ағызу арқылы бекіту керек. Осыдан кейін қондырғы демонтаждала алады.

14. Техникалық сипаттамалар

Мейлінше жоғары қысым	90 м
Мейлінше жоғары беру	8 м³/ч
Жұмыс қысымы	PN6/PN10
Мембраналық қысым бағындағы тіреуіш (зауыттық баптау)	0,5 мейлінше жоғары сорғы қысымынан
Қоршаған орта температурасы	0 ден + 40 °C дейін
Айдап қотарылатын сұйықтықтың температурасы	+5 тен + 60 °C дейін
Дыбыс қысымының мейлінше жоғары деңгейі 50 Дб (А) көп емес	50 Дб(А)
Қорғаныс дәрежесі	IP54
Іске қосу тәсілі	Тікелей іске қосу (DOL)
Мембраналық бактың көлемі	80/130 л



Ескертпе
Ыстық сұйықтықтарын айдап қотару барысында ыстық беттермен персоналдардың түйісу мүмкіндігін болдырмаған жөн.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескертпе
Сорғы электрқозғалтқышының клеммалық қорапшасында немесе қысым релесінде жұмыс жасамас бұрын барлық сорғының қорек көзі желілерін қуат көзі тогынан ажырату керек.

Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Ақаулықтарды жою
1. Іске қосқаннан кейін электрқозғалтқыш жұмыс істемейді.	a) Қорек берілісі жоқ.	Қорек көзін қосу.
	b) Электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматы іске қосылды (бір фазалы электрқозғалтқышын пайдалану барысында автомат қысқа мерзімді уақытта электрқозғалтқышты автоматты түрде іске қосады).	Қорғаныс автоматын тексеру.
	c) Қорғаныс автоматының байланыстырғыш контактысының немесе түйістіргіш орауышының ақаулығы (үш фазалы электрқозғалтқыш үшін).	Электрқозғалтқышты алмастыру.
2. Іске қосылғаннан кейін әпсәтте электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматы қосылады.	a) Контактілі байланыстырғыштың ақаулығы (үш фазалы электрқозғалтқыш үшін).	Электрқозғалтқышты алмастыру.
	b) Кабельдердің жалғасуының зақымдануы не үзілуі.	Кабельді тексеру/алмастыру.
	c) Электрқозғалтқыш орамының ақаулығы.	Электрқозғалтқышты алмастыру.
	d) Сорғының механикалық блокталуы.	Сорғының су жүретін бөлігін тексеріңіз.
	e) Электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматының тым төмен орнатылған мәні (үш фазалы электрқозғалтқыш үшін).	Автоматты тексеріп, токтың мәнін орнату.
3. Анда- санда электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматы іске қосылады.	a) Электрқозғалтқыштың қорғаныс автоматының тым төмен орнатылған мәні.	Автоматты тексеріп, токтың мәнін орнату.
	b) Тұрақсыз тоқ беру.	Қуат көзін тексеріңіз.
	c) Анда- санда желідегі кернеу өте қатты түседі.	Қуат көзін тексеріңіз.
4. Қысым арттыру қондырғысы тұрақсыз өнімдірілікпен жұмыс істеп жатыр.	a) Сорғыш құбыр желісінің көлемі қысым арттыру қондырғысының өнімдірілігімен салыстырғанда өте кішкентай.	Сорғыш құбыр желісін тексеру/ алмастыру.
	b) Бұл қысым арттыру қондырғысының өнімдірілігіне су мөлшері өте аз.	Қондырғыға су берілуін тексеріңіз.
	c) Тым төмен су деңгейі.	Қондырғыға су берілуін тексеріңіз.
	d) Сорғыш құбыр желісі жартылай балшықпен бітелген.	Сорғыш құбыр желісін тексеріңіз, қажет болса тазалаңыз.

Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Ақаулықтарды жою
5. Қысым арттыру қондырғысы жұмыс жасайды, бірақ су берілмейді.	a) Сорғыш құбыр желісі балшықпен бітелген.	Сорғыш құбыр желісін тексеріңіз, қажет болса тазалаңыз.
	b) Сорғыш құбыр желісінің ашылуы.	Сорғыш құбыр желісін тексеру/алмастыру.
	c) Сорғыш құбыр желісінде немесе қысым арттыру қондырғысында ауа бар.	Жүйеден ауаны шығарыңыз.
	d) Жабық күйінде кері және қабылдау клапаны оқшауланған.	Кері клапанды тексеру/алмастыру.
6. Өте жиі қосылым/ажыратылым.	a) Қысым релесін дұрыс емес реттеу.	Осы нұсқаулыққа сәйкес қысым релесін баптаңыз.
	b) Мембраналық қысымды гидробакта тіреуіш қате түзетілген.	Мембраналық бактың баптауларын тексеріңіз.
	c) Жабық күйінде кері және қабылдау клапаны герметикалы емес.	Кері клапанды тексеру/алмастыру.
	d) Қысымды гидробак мембранасында ағып кету орын алған. Гидробак тіреуіші қате орналасқан немес төмендеген. Мембрана ашылып кеткен жағдайда, қысым арттыру қондырғысын іске қосқан кезде клапан арқылы су кіреді.	Мембраналық бакты тексеру/алмастыру.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7
** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:
«Грундфос Истра» ЖАҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.



RU

Установки повышения давления Hydro Solo-S, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ TC RU C-RU.АИ30.В.00638, срок действия до 26.03.2019 г.

Установки повышения давления Hydro Solo-S изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Установки повышения давления Hydro Solo-S сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ TC RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Ресейде жасалған Hydro Solo-S қысым арттыру қондырғысы «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ TC RU C-RU.АИ30.В.00638 жарамдылық мерзімі 26.03.2019 жылға дейін.

Hydro Solo-S қысым арттыру қондырғысы 3631-002-59379130-2005 ТТ-на сәйкес дайындалды.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы:

153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Hydro Solo-S қысым арттыру қондырғысы Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ TC RU C-DK.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы:

153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

96621082 0915
ECM: 1167017